«Жолаушылар тасымалы» АҚ
Басқарма төрағасының
(Бас директорының) м.а.
2025 жылғы «09» 09
№ 90 - ЦЛ бұйрығымен бекітілген

Жолаушыларды теміржол көлігімен тасымалдау кезінде ақпараттандыруды, олардың бос уақытын ұйымдастыру қызметін көрсетуге арналған ашық конкурс өткізу қағидалары, жарнама агенттіктерінің «Жолаушылар тасымалы» АҚ объектілері мен ресурстарында өздерінің де, үшінші тұлғалардың да жарнамалық және/немесе ақпараттық өнімдерін орналастыру арқылы

1. Жалпы ережелер

1. «Жолаушылар тасымалы» АҚ объектілері мен ресурстарында жарнама агенттіктерінің өздерінің де, үшінші тұлғалардың да жарнамалық және/немесе ақпараттық өнімдерін орналастыру арқылы теміржол көлігімен тасымалдау кезінде жолаушыларды хабардар етуді, олардың бос уақытын ұйымдастыру қызметін көрсетуге арналған ашық конкурс өткізудің осы Қағидалары:

1) «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы жарғысына, Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы заңына және «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы қызметі саласындағы өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес темір жол көлігімен тасымалдау кезінде жарнама агенттіктерінің «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының жолаушылар пойыздарына, вагондарына өздерінің және үшінші бір тұлғалардың жарнамаларын орналастыруы арқылы жолаушыларды ақпаратпен қамтамасыз ету, бос уақытын ұйымдастыру қызметіне қатысты ашық конкурс өткізу тәртібі мен шарттарын,

2) конкурсқа әлеуетті қатысушылардың өтінімдерін қабылдау және қарау тәртібін, сондай-ақ конкурсқа қатысушыларды таңдау шарттарын регламенттейді.

2. Осы Ережелердің мақсаты – «Жолаушылар тасымалы» АҚ объектілері мен ресурстарында (вагондар, цифрлық арналар, жол жүру құжаттары, аудио- және бейне трансляциялар, кәдесый және баспа өнімдері және өзге де алаңдар) жарнамалық агенттіктердің өздерінің де, үшінші тұлғалардың да жарнамалық және/немесе ақпараттық өнімдерін орналастыру арқылы қосымша табыс алу болып табылады.

3. Осы ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

Компания	–	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;
Қоғам	–	«Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы;
Ереже	–	темір жол көлігімен тасымалдау кезінде жарнама

		агенттіктерінің «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының жолаушылар пойыздарына, вагондарына өздерінің және үшінші бір тұлғалардың жарнамаларын орналастыруы арқылы жолаушыларды ақпаратпен қамтамасыз ету, бос уақытын ұйымдастыру қызметіне қатысты ашық конкурс өткізу ережесі;
Конкурсты ұйымдастырушы	–	Қоғам;
Қызмет	–	темір жол көлігімен тасымалдау кезінде жарнама агенттіктерінің «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының жолаушылар пойыздарына, вагондарына өздерінің және үшінші бір тұлғалардың жарнамаларын орналастыруы арқылы жолаушыларды ақпаратпен қамтамасыз ету, бос уақытын ұйымдастыру қызметі;
Конкурсқа қатысушылар	–	қызметті көрсететін жарнама агенттіктері;
Маршруттар	–	қызмет көрсетілетін жолаушылар пойыздары маршруттарының тізбесі;
Комиссия	–	көрсетілетін қызметке қатысты ашық конкурс өткізетін комиссия;
Шарт	–	Қоғам мен конкурс жеңімпазы арасында жасалған қызмет көрсетуге арналған шарт;
Конкурс	–	қызмет көрсету жөніндегі ұсыныстарды сауда алаңдарының веб-порталдарында алдын ала жарияланған шарттар бойынша конкурс негізінде келісілген мерзімде ашық түрде іріктеу рәсімі.
Жарнаманы орналастыру объектілері	–	вагондар, цифрлық арналар, жол жүру құжаттары, аудио- және бейне көрсетілімдер, кәдесый және баспа өнімдері және өзге де алаңдар.

4. Жарнама орналастыру үшін объектілер тізбесін конкурс ұйымдастырушысы хабарландыру жарияланған кезде анықтайды.

5. Қызмет көрсету шарты конкурс жеңімпазымен ереженің №1 қосымшасында көрсетілген нысанда және шарттар бойынша жасалады.

2. Конкурс өткізу тәртібі мен шарттары

6. Конкурс өткізу тәртібі:

6.1. конкурсты ұйымдастырушы конкурстың өтетіні туралы хабарландыруды компанияның ресми «www.railways.kz.» веб-сайтына жариялайды және онда мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

6.1.1 конкурсты ұйымдастырушының толық атауы, деректемелері, электронды және пошта мекен-жайы;

6.1.2 конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімдер беру тәртібі, орны және соңғы мерзімі;

6.1.3 Жарнама орналастыру үшін берілетін объектілердің тізбесі;

6.1.4 ұйымдастырушының деректемелері көрсетілген, конкурсқа қатысуға арналған конкурстық өтінімдер салынған конверттердің ашылатын орны, күні, сондай-ақ уақыты.

6.2. Конкурсқа қатысушылардың өтінімдерін қабылдау және тіркеу жұмыстары конкурсқа қатысушының атауы, мекен-жайы, телефоны, өтінім тіркелетін күн және уақыты көрсетіліп, хабарландыруда көрсетілген мерзімде жүргізіледі.

6.3. Конкурсқа қатысушы осы Қағидалардың №2 Қосымшасында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, 20 және 21-тармақтарға сәйкес өтінімді ұсынады.

6.4. Конкурстық өтінімдерді қарау, оларды бағалап, конкурс жеңімпазын анықтау осы ереженің 2-бөліміндегі талаптарға сәйкес жүргізіледі.

6.5. Конкурсқа қатысушы конкурстық өтінімін хабарландыруда көрсетілген конкурстық өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанға дейін қайтарып алса, онда конкурстық өтінім қайтарылады және ол конкурсқа одан әрі қатысу құқығынан айырылады.

7. Конкурсты өткізу шарттары:

7.1. Өтінімдерді қарап, конкурс жеңімпазын айқындау үшін Қоғам осы ереженің 3-бөлімінде айқындалған құраммен және шарттармен конкурстық комиссия құрады.

7.2. Конкурстың өтетін орнын, күні мен уақытын Қоғам айқындайды.

7.3. Конкурсқа қатысушылар конкурстық өтінімдерді бағалау кезінде қатыспайды.

3. Конкурстық комиссия

8. Комиссия құрамына комиссия төрағасы, комиссия төрағасының орынбасарлары, комиссия мүшелері кіреді.

9. Комиссияның санды мен дербес құрамы Қоғамның Басқарма төрағасының (Бас директорының) бұйрығымен бекітіледі.

10. Комиссия отырысы кворум (комиссия құрамының кемінде жартысы) болған кезде өткізіледі.

11. Маркетинг тобының қызметкері комиссия хатшысы болып айқындалады және ол комиссияның мүшесі болып табылмайды.

12. Комиссия хатшысы:

– келіп түскен конкурстық өтінімдерді тіркейді;

– комиссия отырысын ұйымдастырады;

– конкурсқа қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасын, конкурс қорытындылары туралы хаттаманы және өткізілетін конкурсқа қатысты өзге де хаттамаларды ресімдейді және оларға қол қояды;

– конкурсқа қатысуға арналған өтінімдер тіркелген және ашылған сәттен бастап конкурс құжаттары мен материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді;

– конкурс қорытындысы бойынша конкурс қорытындысы туралы хаттамалардың компанияның ресми веб-сайтында жариялануын қамтамасыз етеді;

– осы ережеде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

13. Комиссия құрамының біреуі болмаған жағдайда, комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі ол фактіні растайтын құжатқа сілтеме жасалып көрсетіледі.

14. Комиссияның хатшысы болмаған жағдайда, оның орнын ауыстыру маркетинг тобы қызметкерлерінің қатарынан жүргізіледі.

15. Комиссия конкурстың қорытындысы туралы шешімдерді ашық дауыс беру арқылы комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылдайды. Дауыстар тең түскен жағдайда, комиссия төрағасының даусы, ал ол болмаған жағдайда, комиссия төрағасы орынбасарының даусы шешуші болып табылады.

16. Комиссия шешімдері хаттамалармен ресімделеді, оларға төраға немесе төрағаның орынбасары қол қояды.

17. Комиссия құрамының кез келген мүшесі комиссия шешімімен келіспеген жағдайда, өз пікірін айтуға құқылы және ол жазбаша түрде жазылып, комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.

4. Конкурс өтінімдерін қарау, бағалау және конкурс жеңімпаздарын анықтау

18. Конкурсты ұйымдастырушы (хабарландыруда көрсетілген) конкурс өтінімдерін беру мерзімі аяқталған соң алған барлық конкурс өтінімдерін қабылдамайды және ашпайды.

19. Комиссия төрағасы немесе комиссия орынбасары конкурс өтінімдері ашылатын күнді конкурс өтінімдерін қабылдау аяқталған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей айқындайды.

20. Конкурсқа қатысуға өтінім (коммерциялық ұсыныс) конкурсқа қатысушылар белгілеген құпия сөзбен қорғалған, өтінімдерді қабылдаудың соңғы уақыты аяқталғанға дейін ұсынылатын Word электрондық форматында қалыптастырылады.

Бұл ретте, ұзындығы 8 символдан аз құпия сөзді пайдалануға тыйым салынады және құпия сөз келесі санаттардың барлығынан: кіші әріптер, бас әріптер, сандар және арнайы символдар (@, #, $, %, ^, &, * және басқалар) тұруы тиіс.

21. Конкурсқа қатысуға өтінімнің осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін растайтын қосымшалар электрондық (PDF) және қағаз түрінде ұсынылады.

Бұл ретте, қағаз түріндегі өтінімді қабылдау хаттама хатшысының өтінімдерді тіркеу журналында көрсетіледі және конкурсқа қатысушының қолымен куәландырылады.

22. 20 және 21-тармақтарда көрсетілген құжаттама Конкурсқа қатысушының атауы, орналасқан жері, бірінші басшының қолы және заңды тұлғаның мөрі көрсетіліп, хабарландыруда көрсетілген мерзімде, «PDF» файл түрінде Ұйымдастырушының электрондық мекенжайына жіберіледі. Құжаттама Ұйымдастырушының электрондық поштасына құжаттың толық атауы көрсетілген жеке файлдармен жіберіледі.

23. Конкурсқа қатысуға арналған конкурс өтінімдері салынған әр конвертті ашқан кезде, комиссия хатшысы қатысып отырған тұлғаларға өтінімде қамтылған құжаттардың тізбесін, оның ішінде:

– конкурсқа қатысушының атауын,

– конкурстық өтінімге қоса берілетін құжаттардың тізбесін,

– конкурсқа қатысушы ұсынған айлық жалдау мөлшерлемесінің мөлшерін хабарлайды.

24. Комиссия осы ережеге сәйкес конкурстық өтінімдерді бағалап, салыстырады және жеңімпаз болған конкурстық өтінімді айқындайды.

25. Қонкурсқа қатысушылар ұсынған тарифтік ставкалар мен шарттар тең болған жағдайда, конкурсқа қатысуға арналған конкурстық өтінімді конкурстың басқа қатысушыларынан бұрын берген (конкурсқа) қатысушы жеңімпаз деп танылады.

26. Конкурс мынадай жағдайларда өткізілмеді деп есептеледі:

26.1. конкурстық өтінімдердің болмауы;

26.2. конкурстық өтінім екі өтінімнен аз болғанда;

26.3. егер конкурс қорытындысы бойынша конкурстық өтінімдер қабылданбағаннан кейін конкурсқа екіден аз қатысушы қалса.

27. Конкурс өтпеген жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы:

27.1. осы ереженің 26-тармағының 26.1. тармақшасында көрсетілген жағдайда конкурс қайта өткізеді. Конкурс екі немесе одан да көп рет өтпеген жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы бірнеше жарнама агенттіктеріне серіктестік туралы ұсыныс-хаттар жібереді. Содан кейін жарнама агенттігі жіберген баға ұсынысы негізінде конкурстық рәсімдер өткізбестен ең жоғары мөлшерлемемен коммерциялық ұсыныс жіберген жарнама агенттігімен шарт жасасады.

27.2. осы ереженің 26-тармағының 26.2. және 26.3. тармақшаларында көрсетілген жағдайда конкурстың жалғыз қатысушысымен, егер оның конкурстық өтінімі осы ереженің талаптарына сәйкес келетін болса, шарт жасасады.

28. Комиссия конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарға және конкурстық өтінімнің мазмұнына сәйкес келмейтін конкурстық өтінімдерді №2 қосымшаға сәйкес қабылдамайды.

29. Конкурстық өтінімдері осы ереженің талаптарына сәйкес келетін конкурсқа қатысушылар арасынан конкурс жеңімпазын айқындау туралы шешім комиссия мүшелері көпшілігінің қарапайым даусымен қабылданады.

Конкурстық комиссия мүшелерінің дауыстары тең түскен жағдайда, комиссия төрағасының немесе оны алмастыратын адамның даусы шешуші болып табылады.

Комиссия соңғы шешім қабылдау үшін қажет болған жағдайда, конкурсқа қатысушыдан өзге де құжаттарды сұратуға құқылы.

30. Комиссия конкурстың қорытындыларын конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шығарып, конкурс қорытындылары туралы хаттама ресімдейді және оған комиссияның төрағасы мен мүшелері қол қояды.

31. Қоғам конкурсқа қатысқан барлық тұлғаларды компанияның веб-сайтына конкурс нәтижелерін (конкурс қорытындылары туралы хаттама) жариялау арқылы хабардар етеді.

5. Шарт жасасу

32. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстың қорытындысы шыққан күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде шарт жобасына (осы ереженің №1 қосымшасы) қол қол қойып, оны конкурс жеңімпазына қол қою үшін жібереді.

33. Конкурс жеңімпазы шарт жобасын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде шартқа қол қояды да оны конкурсты ұйымдастырушыға жібереді немесе шарт жасасудан бас тартатыны туралы хабарлайды.

34. Егер жеңімпаз деп танылған конкурсқа қатысушы шартқа қол қоюдан бас тартатын болса, онд шарт бағалау және салыстыру қорытындыларына сәйкес екінші орын алған конкурс қатысушысымен жасалады.